

- көрсетілетін қызметтер сервисінің сапасын жақсарту;
- «ҚТЖ «ҰК» АҚ-мен контейнерлік тасымалдардың өзіндік құнын төмендету бойынша шаралар қабылдау;
- тарифті төмендету мүмкіндігін қарастыру.

Қортындылай келе қазіргі уақытта жүкті контейнерлердің көмегімен тасымалдау жүк тасымалының ең талап етілетін түрі болып табылады. Осындай контейнерлік тасымалдар арқылы кез келген тауарды, ол сұйық немесе сусымалы материал болсын, ол морт немесе қауіпті болсын, тасымалдауға болады. Тағы бір артықшылығы – арнайы жабдықтарды пайдаланудан бас тарту. Контейнерлік тасымалдарды кез келген көлікпен жүзеге асыруға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Интегрированный годовой отчет АО «НК «Қазақстан темір жолы» на 2020 год. https://www.railways.kz/articles/for-investors/godovye_otcheti

2. <https://kursiv.kz/news/otraslevye-temy/2021-01/tranzit-konteynerov-v-2020-godu-vygos-na-32>.

3. Карсыбаев Е.Е., Ибрагимов У.Н., Иманбекова М.А. Возможности и перспективы повышения конкурентоспособности транспортной инфраструктуры в конкуренции международных транспортных коридоров / Материалы II-ой международной научно-практической конференции «Менеджмент качества: поиск и решения» Шанхай (КНР) 23-25 ноября 2016

4. Масимов К.К. Перспективы развития транспортно-коммуникационного комплекса//Материалы международной научно-практической конференции “Актуальные проблемы транспортно-коммуникационного комплекса на пороге третьего тысячелетия”. –Алматы, 2005. – С. 14-22.

УДК 338.48:339.92(574)

М.Б. Мұстаяп^а, К.Т. Аленов^б, П.О. Имангазиев^с

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университеті, Қызылорда қ, Қазақстан

mbm-kz@bk.ru, alen80k@mail.ru, pazyl72i@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨЛІК ЛОГИСТИКАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа. Логистиканың өзектілігі және оны зерттеуге деген қызығушылықтың артуы логистикалық әдісті қолдануды ашатын материал өткізуші жүйелердің тиімді қызмет етуін жоғарылататын потенциалды мүмкіндіктер. Логистика шикізат пен жартылай фабрикаттарды сатып алу мен дайын өнімді тұтынушыға жеткізгенге дейінгі уақыт аралығын қысқартуға мүмкіндік береді. Логистикаға деген отандық ғалымдардың, жоғарғы оқу орындарының оқытушыларының, ғылыми-техникалық жұмысшылардың, өнеркәсіп және көлік кәсіпорындарының менеджерлерінің, инженерлер мен бизнесмендердің қызығушылығы тек отандық экономика үшін жаңа және терминмен ғана емес, сондай-ақ өнеркәсібі дамыған елдер экономикасында логистикалық әдісті қолдану негізінде алынған әсерлі нәтижелермен бөлісу.

Түйін сөздер. Логистика, көлік кәсіпорындары, отандық экономика, тасымалдау көлемі

Аннотация. Актуальность логистики и возросший интерес к ее изучению раскрывают применение логистического метода материалы потенциальные возможности повышения эффективности функционирования сбытовых систем. Логистика позволяет

сократить временные интервалы до приобретения сырья и полуфабрикатов и доставки готовой продукции потребителю. Интерес отечественных ученых, преподавателей вузов, научно-технических работников, менеджеров промышленных и транспортных предприятий, инженеров и бизнесменов к логистике является новым для отечественной экономики и не только термином, но и поделиться впечатляющими результатами, полученными на основе применения логистического метода в экономике промышленно развитых стран.

Ключевые слова. Логистика, транспортные предприятия, отечественная экономика, объемы перевозок

Abstract. The relevance of logistics and the increased interest in its study reveal the application of the logistics method and the potential for improving the efficiency of the functioning of sales systems. Logistics allows you to reduce the time intervals before the purchase of raw materials and semi-finished products and delivery of finished products to the consumer. The interest of domestic scientists, university professors, scientific and technical workers, managers of industrial and transport enterprises, engineers and businessmen in logistics is new for the domestic economy and not only a term, but also to share the impressive results obtained through the application of the logistics method in the economy of industrialized countries.

Key words. Logistics, transport enterprises, domestic economy, volume of Transportation

Көліктік логистика жеткізуді ұйымдастыру, қандайда бір материалдық объектілерді (өніммен, заттарды) бір пункттен екінші пункте оңтайлы бағыт бойынша ауыстыру.

Көліктік логистика мақсаты қажетті сападағы мен сандағы қажетті тауарды белгіленген уақытты және орынға оңтайлы шығынмен жеткізу. Шетел тәжірибесі көрсеткендей, қазіргі бизнесте логистика стратегиялық маңызды орынға ие [1].

Қазіргі уақытта алдыңғы қатарлы фирмалардағы логистиканың дәстүрлі функционалды салалары стратегиялық инновациялық (жаңартпа) жүйе құра отырып, жалпы ақпараттық-компьютерлік платформа негізінде бірігіп, Қазақстанда логистикалық саланы цифрландыру аясында интеллектуалды көлік жүйесі құрылды. Логистика саласындағы қызмет көп қырлы. Оған көлікті, қойма шаруашылығын, қорларды, кадрларды басқару, ақпаратты жүйелердің ұйымдастырылуы, коммерциялық қызмет және т. б. жатады.

Еліміздегі логистиканың даму мәселелеріне тоқтала кетейік. Логистиканың тәжірибелі тәсілдерді және ғылыми көзқарасты талап етуі Қазақстанның нарықтық қатынастарға көшуінің бастауымен сай келеді. Отандық бизнестегі логистикалық көзқарастың мүмкіндіктерін және қарқынын бүгінгі күнгі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайдан және экономикалық реформалар қадамының болжамынан бөліп-жарып қарауға болмайды. Қазақстандағы логистикалық концепцияның даму жолындағы негізгі проблемаларды қарастырып өтейік:

Біріншіден, жалпы экономикалық және әлеуметтік қиыншылық жағдайда көптеген Қазақстандық кәсіпкерлер, менеджерлер, инженерлі-техникалық жұмысшылар үшін таңсық, бірақ логистикалық идеялардың отандық бизнесте өрлеуіне көмегі аз.

Екіншіден, көп уақыт бойы отандық экономикада логистиканы қолдану саласы (қамтамасыздандыру және өнім өндіру) бағалануы төмен, ал Батыста логистика негізгі (фундаменталды) орынды алады. Елімізде қолдану саласы өндірістік саладан, соның ішінде, тауарды және қызметті өндіруді ұйымдастырудан біршама артта қалып қойған. Айналым сферасы тауардың өндірушіден тұтынушыға жай жетуімен, қанағаттандырылмаған сұраныс жоғары дәрежесімен, төмен сенімділігімен және тұтынушыларға қызмет көрсету деңгейі сапасының төменділігімен сипатталады.

Үшіншіден, бүгінгі таңда Қазақстан экономикалық инфрақұрылымы даму деңгейінің әлемдік орташа деңгейінен әлдеқайда қалып бара жатыр (ең алдымен өнімді қолдау саласында). Осы жерде келесі негізгі негативті жағдайларды көрсетуге болады:

- тауар өндіруші құрылымдардың бейрационалды дамуы (өнеркәсіпте және саудада ойластырылған тауар өткізу жүйесінің стратегиясының жоқтығы, ірі және орташа көтерме деңгейлерінде ұйымдастырылған тауарлы нарықтың жоқтығы);
- заманауи электронды коммуникациялар жүйесінің, электронды желілердің, байланыс және телекоммуникация жүйелерінің даму деңгейінің төмендігі;
- автомобильді жолдар саласында қалып қойған көліктік инфрақұрылымы; жүк автомобильдерінің, мультимодальдық және кедендік терминалдардың техника-технологиялық деңгейінің төмендігі және санының аздығы;
- көліктің барлық түрлерінде әлемдік стандарттарға сай заманауи көлік құралдарының болмауы;
- қоймалық қожалықтардың өндірістік-техникалық базасының даму деңгейінің төмендігі;
- өнімді өңдеуге арналған қазіргі заманғы технологиялық құрылғының жетіспеуі; қоймалық жұмыстың механизация мен автоматтандыру деңгейінің төмендігі;
- қазіргі заманғы қорапшаларды өндіруге арналған өнеркәсіптердің төмен деңгейде дамуы және т.б.

Жоғарыда көрсетілген факторлар мен негативті жағдайлардың Қазақстан экономикасына логистикалық концепцияларды енгізуді біршама дәрежеде тежейді, ал бұл жұмысты қысқа мерзім ішінде орындау мүмкін емес. Дегенмен, 2000-шы жылдардың басында, яғни нарықтық қатынастарға өтудің алғашқы қадамдары жасалып жатқан кезде, Қазақстанда экономиканың әртүрлі салаларында логистикалық идеяларды дамытуға арналған алғашқы нақты қадамдар жасалған болатын. Аталған қадамдарды екі үлкен топқа бөлуге болады: ғылыми-теориялық және өндірістік-техникалық (технологиялық). Ғылыми-техникалық қадамдар жоғары оқу орындарындағы логистикаға тура немесе жанама қатысы бар пәндерін кең ауқымымен мамандарды дайындаумен байланысты. Отандық экономист ғалымдарымыздың материалдық ағымдардың қозғалысы туралы ғылымының дамуына қосқан орасан зор үлестерін атап өтпеуге болмайды. Профессор Сухова Л.Ф. өзінің «Қазақстандағы материалдық-техникалық құралдарының қозғалысы» атты кітабында былай дейді: Жалпыға белгілі, қоғамдық өндірісте қоғамдық үрдісімен байланысты ауқымды шығындар өз орнын алып отыр[2]. Бұл тауарларды өндеуді аяқтау, қаптау, тасымалдау, сақтауды тоқтату, мұнда тоқтату дегеніміз – қолдану саласындағы өндіріс үрдісінің созылуынан пайда болған. Қолдану саласындағы тасымалдауға, сақтауға және тауарларды өндеуге кеткен еңбек өндіруші еңбек болып табылады. Ол тауарға өнімнің шығындалған құралдарының бағасына аударады және тауардың бағасының үстіне жаңа баға қосады. Сонымен қатар, қоғамдық өндіріс саласында тоқтатудың басқа-өтелмейтін, өндірілмейтін шығындар сияқты түрлері бар.

Экономиканың өсуі көлік, экспедиторлық және логистикалық қызметтер нарығының қарқынды өсуімен қатар жүреді. Көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту жобаларын жүзеге асыру ғана емес, көліктің және көліктік қызметтерді пайдаланушылардың әртүрлі типтері мен өзара әрекеттесуін ұйымдастыру мен үйлестіру. 2018 жылдан бастап 2020 жылға дейін тағы екі жоба – «Жолды цифрлық диагностикалау» және «Мультимодальді тасымалдауларды басқару»-ды іске асыру жоспарланған. Жалпы, аталған жүйелерді іске асырудан күтілетін әлеуметтік-экономикалық әсер 2025 жылға қарай шамамен 496 млрд теңгені құрайды. Аталған жүйелерді енгізу республикалық автомобиль жолдары желісін қамтамасыз етуге шығындарды өтеуге, негізгі автомобиль көлік дәліздерін өлшем құралдарымен қамтуға, жүк тасымалдау кезінде қағаз түріндегі құжаттарды электрондыға алмастыруға және 18 мың км автожолдарға диагностика жүргізуге мүмкіндік береді[3]. Қазақстандық халықаралық магистралдық дәліздер үшін

елеулі тәуекелдер көршілес елдер үшін транзиттік мүмкіндіктің дамуы болып табылады, олар Қазақстан арқылы тауарлардың әлеуетін арттырады. Осыған орай, Қазақстанда халықаралық серіктестерімен транзиттік тасымалдау саясатын үйлестіруді жеделдету қажет.

1 кесте - 2020 жылына ҚР көлік-логистикалық инфрақұрылымының даму қорытындысы

1	Транзиттік тасымалдау көлемі екі есе өседі – 18млн. тоннадан 36 млн тоннаға дейін өседі
2	Транзиттік тасымалдаудан табыс 1 млрд доллрдан 3,1 млрд долларға дейін өседі
3	Жаңа жұмыс орындар – 28 мың адам
4	Ішкі өнім көрсеткіші қарқынында орташа жылдық тиімділік 1 пайыздық нүкте құрайды

Материалдық ағындардың қозғалысын ұйымдастыру мен басқарумен тікелей байланысты жалпы логистикалық ғылымның маңызды функционалды бөлімдерінің бірі көліктік-логистика. Бүгінгі таңда Қазақстанның географиялық жағдайына байланысты белгілі бір логистикалық ерекшеліктері мен артықшылықтары бар. Республика аумағы арқылы шамамен бес халықаралық транзиттік жол және бірнеше ірі құбыржолдар өтеді. Қазақстанда логистикалық қызмет көрсету нарығын дамыту үшін қосымша мүмкіндік Кеден одағы болып табылады, оның нәтижесінде одақшілік шекаралар ресми түрде ашық және Қытаймен құрлық шекарасы енді Еуропа үшін қолжетімді.

Бүгінгі таңда халықаралық сапа стандарттарына жақын ішкі логистика Алматы өңірінде ғана бар, онда «А» класты қоймалар шоғырланған және логистика нарығында бәсекелестік бар. Қазақстан аймақтарында сапалы логистикаға қажеттілік жоғары.

Соңғы жылдары көлік, күрделі стратегиялық ресурсқа ие бола отырып, ағындық үдерістің негізгі міндеттерін атқаратынын атап өту керек. Тасымалдау көлемін ұлғайту, отандық жүк және жолаушы тасымалдау қызметінің экономикалық тиімділігінің жоғарлауы көкейкесті мәселе болып отыр. Шетелдік тәжірибеге сүйене отырып көлік саласындағы сапалы өзгерістерге тасымалдау процесінде, заманауи талаптарға және жоғары халықаралық стандартқа сәйкес келетін жаңа технологияларды қолдану арқылы, сондай-ақ, логистикалық ойлаудың және логистика қағидаларын игеруді кеңейту арқылы жетуге болады. Өйткені көліктік логистика жүк тасымалдау тасқынын ұйымдастырудың және оңтайландырудың жаңа әдістемесі, және арнайы логистикалық орталықтарда өңдеуші ретінде, өнімсіз шығындарды төмендету, ал көлік саласындағы мамандарға — заманауи болуға, нарықтың және жоғары талапты тұтынушылардың талаптарына барынша сәйкес келу сияқты сұрақтардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Келешекте логистика көптеген отандық көліктік кәсіпорындарға өзінің ішкі және сыртқы нарықтағы қаржылық жағдайын жөндеуге, тасымалдау көлемін, рейтингін ұлғайтуға жағдай жасайды.

Қорытынды

Қазіргі кездегі логистика бұл компьютерлі-интегрирленген логистика. Елімізде сауда-көліктік және оған сәйкес ақпараттық инфрақұрылымның дамуы мемлекеттің қатаң бақылауында. Сондықтан логистиканың ғылым ретіндегі мазмұны материалдық және ақпараттық ағындарды басқарудың тиімді ұйымдастыру нысандары мен әдістерін

практикада айқындау және жүзеге асыру мақсатында, тауар қозғалысының процесіне тән заңдылықтарды және себеп-салдарын байланыстыра белгілеу болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Гудков В.А., Миротин Л.Б., Ширяев С.А., Гудков Д.В. Основы логистики. – М.: Горячая Линия - Телеком, 2010. – 352 с.

[2] Тауарларды қоймаларға жеткізу және орналастырудың логистикалық жүйесі// Қаз ККА Хабаршысы – 2008ж. – №1. – 262-267-бет.

[3] Дереккөз: <https://www.primeminister.kz/kz/news/15552>

УДК 656.7.025

М. Е. Қалекеева^а, Д. С. Мамбеталин^б

Азаматтық авиация академиясы, Алматы, Қазақстан

kalekeeva.m@mail.ru, dk_1187@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасындағы әуе тасымалы нарығының ағымдағы жағдайы қарастырылады. Республикадағы азаматтық авиацияның негізгі көрсеткіштеріне шолу жасалған. Төмен шығынды авиакомпаниялар мен шағын әуе кемелерінің артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды, жолаушылар тасымалының дамуының негізгі бағыттары зерттеледі. Ішкі және халықаралық туризмді дамыту мақсатында шағын авиацияны және жалпы саланы дамыту бойынша ұсыныстар берілген. Дамудың перспективалық бағыттары айқындалды.

Түйін сөздер. Әуе тасымалы, әуежай, ішкі туризм, халықаралық туризм, шағын авиация.

Аннотация. В статье рассматривается современное состояние рынка воздушных перевозок в Республике Казахстан. Авторами приведен обзор основных показателей гражданской авиации в республике. Определены преимущества и недостатки бюджетных авиакомпаний и малой авиации, изучены основные направления развития пассажирских перевозок. Даны рекомендации по развитию малой авиации и отрасли в целом с целью развития внутреннего и международного туризма. Определены перспективные направления развития.

Ключевые слова. Воздушные перевозки, бюджетная авиакомпания, лоукостер, аэропорт, внутренний туризм, международный туризм, малая авиация

Abstract. The article examines the current state of the air transportation market in the Republic of Kazakhstan. The authors provide an overview of the main indicators of civil aviation in the republic. The advantages and disadvantages of low-cost airlines and small aircraft are determined, the main directions of development of passenger traffic are studied. Recommendations are given for the development of small aircraft and the industry as a whole with the aim of developing domestic and international tourism. The promising directions of development have been identified.

Key words. Air transportation, low-cost airline, airport, domestic tourism, international tourism, small aviation

Соңғы кездері Қазақстанда әуе көлігінің маңызы артып келеді. Азаматтық авиация халықаралық туризмді дамытуда шешуші рөл атқарады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «100 нақты қадам»